

Құлманов С. Терминологиялық сөздіктер түзу негіздерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар // Терминологиялық хабаршы. №1 (49). –2015. –24-36 беттер.

С.Қ.Құлманов
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің меңгерушісі,
филол.ғ.к., доцент

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК ТҮЗУ НЕГІЗДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Қазақ тілін ғылым тілі ретінде қоғамның барлық саласында қолдануға мүмкіндік туғызу бүгінгі күні қазақ тіл білімінің ғана алдында тұрған міндет емес, мемлекеттік деңгейдегі өткір мәселе болып отыр. Бұл турасында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу керек. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн», – деп нақты атап көрсетті [1].

Аталған мәселені шешуге, яғни ұлттық терминологияны дамытуға қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 444 Қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасында» мынадай негізгі міндеттер көрсетілді: 1) қазақ терминологиясын реттеу (... *салалық терминологиялық сөздіктер серияларын жасау мәселелерін шешу* (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.), пәндер бойынша оқулықтар, анықтамалар дайындау жөнінде қажетті шаралар қабылдау, оларға қаржы бөлу және авторларды ынталандыру; 2) салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, оларды өзгерту мен ауыстыруда қазақ тілінің қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану; 3) күн санап толассыз туындап жатқан терминологиялық ұғымдарға тілімізден дәл балама табуда да, сондай-ақ жаңа термин-атауларды жасауда да терминге тән нақтылықты сақтай отырып, олардың тілдегі қолданысында болатын белгілі бір шарттылықты мойындау; 4) терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне, жазу дәстүріне сәйкес реттеу; 5) туыстас түркі тілдерінің тәжірибесін назарға алу; 6) сөз құрау моделінің барлық түрінің термин құрайтын мүмкіндіктерін ашу; 7) баламасыз шетел терминдерін ұлттық тілдің дыбыс жүйесіне бейімдеу; 8) ғылымның нақты салаларына орныққан шығу тегі латын, грек, араб және т.с.с. халықаралық терминдердің белгілі бір көлемін қамтитын жеке сөздік

шығару; 9) зерттеу процесінде қолданылатын әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің, интернационалдық терминдердің модельдері мен терминдік атауларын пайдалану, оларды қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктері мен ережелеріне сәйкес бейімдеу; 10) орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминологиялық атауларды мүмкіндігінше қазақ тіліне аударып пайдалану, аударуға келмейтіндерін мағына жағынан сақтай отырып, грамматикалық тұлға жағынан қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп пайдалану; 11) *терминография бойынша жұмыстарды дамыту* (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.); 12), терминология салалары бойынша жүргізілетін кешенді іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету [2].

Терминология мәселелерімен айналысатын ғалымдардың бәріне қазақ ғылыми терминжасамының басында ұлт көсемі А.Байтұрсынұлы, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі – Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаратышқанов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдеріұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төреқұлұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы, М.Әуезов және т.б. ірі-ірі тұлғалардың тұрғандығы, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, Ә.Т.Қайдар, Ө.Айтбай сияқты ғалымдар ұсынған қағидаттар да белгілі.

Академик Ә.Т.Қайдар терминология мәселесінің күн тәртібінен түспей отыруына негіз болатын мынадай үш түрлі себепті көрсетеді: «1) ... замана талабына сәйкес оқтын-оқтын оның (терминологияның – С.Қ.) бағыт-бағдарын анықтап, үрдісін белгілеп отыруға тиіс; 2) ... мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның даму деңгейімен, реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді; 3) ... қалыптасқан ғылыми принцип терминологиялық процеске бағыт-бағдар беріп, алдында жүрудің орнына, оның артында қалып, термин практикасы аяқасты болып қалды; осының нәтижесінде ... «бұқаралық» әрекет (анархия) жол беріле бастады» [3, 4]. Бұл пікір сонау Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары айтылғандығына қарамастан, бүгінгі күні маңызын жоймақ түгіл, өрши түскендігі аңғарылады. Сондықтан мақаламызды қазақ терминологиясының бір ғана мәселесі – терминологиялық сөздік түзудің негіздерін жетілдіру ісіне арнауды ұйғардық.

Академик Ө.Айтбайұлы: «қазақ тілінде термин сөздерге мән беріле бастаған кез XVIII-XIX ғасырларда там-тұмдап қазақ тілінде шыға бастаған газет, журналдар материалдарын қарасақ, термин деп айдар тағып, ауыз толтырып айта алмағанмен, терминдік қызметі айқындала бастаған сөздер тізімін беру тәжірибесін кездестіреміз. Олар «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Айқап», журналында, «Қазақ» газетінде берілген. Бұл дәстүр 20-жылдарға дейін жалғасқан», – дейді [4, 70].

Негізінен аударма сөздіктерден бастау алатын қазақ терминологиялық сөздіктері XX ғасырдың 20-жылдарында біраз жетістіктерге қол жеткізді. Бұл кездегі мұндай сөздіктердің негізгілері мыналар: Кемеңгеров Қ. Қазақша-орысша тілмәш; Дулатов М. Есеп құралы. Орынбор, 1918; Жаленов К. Есеп тану. Ташкент, 1923; Қожанов С. Есептану құралы. Ташкент, 1924; Орысша-

қазақша әскерлік атаулары (1926); Қаратышқанов Н. Пән сөздері (1927); Күдерин Ж. Өсімдіктану. Қызылорда, 1927; «Атаулар сөздігі» (1931).

Халықтың өз ұлттық тілінен жинақталып, «сөздік ретінде жинақталарлық дәрежеге жеткенге дейін біраз іріктеу, сұрыптау, даму елегінен өткен» [4, 70] бұл кезеңдегі сөздіктердің басты ерекшелігі «терминологиялық қорымыздың негізгі бөлігін қазақ тілінде жасау, тілдің ішкі байлығын барынша тиімді пайдалану» болды [5, 433].

Бұл кезеңде жоғарыда аталған сөздіктермен қатар әртүрлі газет беттерінде терминдік сипаттағы сөздер беріліп, көпшілік талқысына ұсынылып отырды. Оған мысал ретінде Ә.Марғұланның «Еңбекші қазақ» газетінде 1930 жылғы сандарында жарияланған «Мынау пән атаулары дұрыс па?», «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген тақырыптағы материалдарын атауға болады.

Қазіргі кезге дейін қазақ терминологиясы бойынша 15-тей монография мен зерттеу еңбектері, оннан астам оқулық, оқу құралдары, жинақтар, конференция, семинар, дөңгелек үстел материалдары жарық көрсе, терминология мәселелерін қатысты арнаулы басылымдар саны 50-ден, ғылыми мақалалар 1000-нан, газет мақалалары 500-ден асады.

Ғылыми зерттеулерге келсек, терминология саласында тіл мамандары арасында 4 докторлық, қырықтан астам кандидаттық диссертация, ал салалық терминологияға байланысты математика саласынан – бір, химия саласынан бір докторлық, әртүрлі салалардан оннан астам кандидаттық диссертация қорғалған [5, 149].

Ал енді тікелей қазақ терминологиялық сөздіктерінің жайын айту үшін ең алдымен терминологиялық сөздіктер түзудің қағидаттарына тоқталамыз. Ғалым А.Абдрахманов мұндай қағидаттарды төмендегіше көрсетеді: 1) орыс-қазақ салалық терминологиялық сөздіктерінің орыс тіліндегі бөлігін рәсімдеу; 2) орыс-қазақ салалық терминологиялық сөздіктерінің қазақ тіліндегі бөлігін рәсімдеу (халықаралық және кеңестік-интернационал терминдер негізінен орыс тіліндегі тұлғасында қабылданады; интернационал техникалық терминдер негізінен аударылмай алынады); 3) *ре-*, *син-*, *анти-*, *контр-* және т.б. префикстер және халықаралық терминдер құрамында кездесетін *авто-*, *аэро-* сияқты қысқарған сөздер қазақ тіліне терминдермен бірге қабылданады; 4) әртүрлі интернационал жұрнақты туынды терминдер былайша аударылады: а) *-изация*, *-ификация*, *-ация* жұрнақтары көбіне қазақ тіліндегі *-лау/-леу*, *-дау/-деу*, *-тау/-теу* және *-ландыру/-лендіру*, *-дандыру/-дендіру*, *-тандыру/-тендіру* жұрнақтарымен аударылады; б) *-тор* жұрнағы көптеген жағдайда қазақ тілінде сақталады: *детонатор*, *амортизатор*, *экскаватор*, *карбюратор*, *конденсатор* және т.б., алайда кейбір жағдайларда, әсіресе құрал-жабдықтардың, аппараттардың атауларын аударғанда бұл жұрнақтар тиісінше қазақ тіліндегі *-қыш/-кіш*, *-ғыш/-гіш* жұрнақтарымен аударылады; 5) жекелеген орыс терминдері қазақ тілінде кездесетін дәл тиісті баламаларымен аударылады: *бур* – *бұрғы*, *давление* – *қысым*, *бронза* – *қола* және т.б.; б) халықаралық және орыс терминологиялық тіркестерін беруде тиісті қазақ сөзжасамдық жұрнақтары қолданылады; 7) сөз мағынасын кеңейтуде қазақ терминдерін жасау тәсілі қолданылады; 8) қазақ тілінің

сөзжасамдық жұрнақтары қазақ тіліндегі де, орыс тіліндегі де түбірлерге жалғанып қолданылады: *-ғыш/-гіш*, *-қыш/-кіш*, *-уыш/-уіш*; 9) кейбір терминдер орыс тілінен калькалау арқылы жасалады [6, 197-199]. Бұл, әрине, кеңес дәуіріндегі түзілген орысша-қазақша салалық терминологиялық сөздіктерді түзуге бағытталған қағидаттар болғанымен, мұндағы тармақтардың осы күнге дейін сол қалпында қолданылып келе жатқандығы (аздаған өзгерістермен, мысалы, кейбір терминдердің жаңа баламалармен аталуы және т.б.) көзі қарақты жұртқа аңғарылып-ақ тұр.

Терминология саласына қатысты еңбектерді ақтара келгенде мақаламыздың нысаны болып отырған терминологиялық сөздікке тікелей қатысты ғылыми жұмыстардың (терминдердің өзге тілдерден қабылдануы, аударылуы, жазылуы, ұсынылған баламалардың сапасы, терминком жұмысын ұйымдастыру, терминдердің қолданысы және т.б. мәселелерге арналған еңбектерде айтылып жүргенін қоспағанда) санаулы екендігіне көз жеткіздік.

Терминологиялық сөздік туралы докторлық диссертация қорғаған Е.Әбдірәсілов «Диуани Лұғат ат-түрк» сөздігінде, «Қорқыт Ата» кітабында, «Кодикус Куманикус» сияқты еңбектерде әртүрлі салаларға қатысты терминдер кездесетінін айтады [7, 10]. Ғалым қазақ терминографиясындағы еңбектер үшін маңызды мынадай талап түрлерін атап көрсетеді: аудармалардың дау тудырмайтын нұсқаларының берілуі; ғылым мен өндіріс салаларында қолданылатын терминдердің толық қамтылуы; жалпығылыми терминдерді қамтуы және олардың қандай салаларда қолданылатындығына стильдік белгілердің қойылу деңгейі; кірме терминдерді сөздік құрылымында бөлек көрсету; кірме терминдердің элементтері қай тілден аударғанда қандай мағына білдіретіндігі туралы мәліметтердің міндетті түрде берілуі және қосымша түсініктемемен қамтамасыз етілуі; терминдердің қалыптаспаған, қолданыста орнықпаған нұсқаларының эксперимент үшін мөлшері (тұрақсыз терминдердің берілуі); олардың санының негізгі терминдермен арасалмағы сақталуы тиіс; сала кәсібіне қатысты кәсіби лексиканың тұсына «кәсіб.сөз» деген сияқты стильдік белгілерінің қойылу деңгейі; терминологиялық сөздіктер сериясы үшін макро және микроқұрылым жүйелерінің бірізділігі; қолданушылар тарапынан басым сұранысқа ие болған, термин туралы ақпаратты ұғынықты бере алатын, сұраныс талаптарын қанағаттандыратын анықтама түрінің сөздікте қолданылуы; ең маңыздысы – қазақ терминографиялық еңбектерін қолданушылардың қажеттігі мен сұранысы осы талаптармен байланысты термин туралы қысқаша түсініктеме беру үлкен сұранысқа ие [7, 33-34].

Қоғамдық сұранысқа орай, бүгінгі таңда терминологиялық сөздіктердің саны да, түрлері де артып келеді. Ш.Құрманбайұлының дерегіне сүйенсек, барлық сөздіктер саны 250-ден астам [5, 737-751]. Әртүрлі салаға қатысты сөздіктердің қазіргі таңдағы шығу қарқынын ескерсек, бұл сан одан да көп болуға тиіс.

Келтірілген деректер жалпы терминологияға қатысты ірілі-ұсақты зерттеулер санының мол екендігін көрсетеді. Алайда қазіргі қазақ терминологиясы ешқандай кемшіліксіз, қоғамның қажеттілігін өтей алатын

деңгейге дей аламыз ба?! Осы сұраққа байланысты профессор Ш.Құрманбайұлы атаған қазіргі қазақ терминологиясында кездесетін кемшіліктер түрін келтіруді жөн көрдік: 1) сөз тудырушы жұрнақтардың терминжасам барысында орынды жұмсалмауы; 2) әртүрлі лексикалық қабаттарға жататын сөздердің термин шығармашылығында ұтымды пайдаланылмауы; 3) сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден орашалақ аудармалардың туындауы; 4) бір ғана ұғымның әртүрлі ғылым салаларында түрліше аталуына жол беру; 5) бір ғана арнаулы саланың терминологиялық жүйесін құрайтын әртүрлі ұғымдардың ортақ атаумен берілуі; 6) бір ғана ғылыми ұғымның оқулықтар мен оқу құралдарында терминологиялық сөздіктерде сол еңбектер авторларының қалауынша түрліше аталып, жарыспалылыққа шектен тыс көп жол берілуі; 7) бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару; 8) туыстас түркі тілдерінің лексикалық қорында сақталған сөздердің, олардың терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу мәселесінің ескерілмеуі; 9) қытай, моңғолия қазақтарының тілінде бар сөздерді сұрыптап пайдаланудың жетіспеуі; 10) аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну [5, 238-244].

Мемтерминком мақұлдаған 2014 жылғы жарық көрген терминологиялық сөздіктер топтамасының мынадай ерекшеліктерін айрықша атауға болады:

1) бұл сөздіктер топтамасын құрастыруға тілшілер алғаш рет қатыстырылды;

2) бұл басылымның алдында 1999-2000 жылдары жарық көрген салалық терминологиялық сөздіктер топтамасы болды;

3) аталған сөздіктер топтамасын түзу барысында сала мамандары айтарлықтай тәжірибе жинақтаған болатын;

4) салалық терминдерді барынша біріздендіру және «ұлттандыру» мақсаты қойылды;

5) жарық көрген сөздіктерге еңбей қалған және тілімізге жаңадан енген терминдерді барынша қамтуға ұмтылыс жасалды;

6) талас тудыратын терминдер БАҚ беттерінде жарияланып, жұршылық талқылауына ұсынылып отырды.

Ал бұл терминологиялық сөздіктер топтамасының кемшін тұстарына келер болсақ, жоғарыда айтылған кемшіліктердің бәрі дерлік сақталған деуге болады. Біз медицина саласына арналған және ішірана басқа сөздіктерді қарастыра отырып, төмендегідей кемшін тұстарға назар аударғымыз келеді:

Терминологиялық бірізділіктің сақталмауы: *аборт – түсік түсіру, түсік түсу, аборт внебольничной – ауруханадан тыс түсік, аборт естественный – табиғи түсік, аборт искусственный – жасанды түсік (выкидыш – түсік?); анофтальм – анофтальм, анофтальмия – көз алмасының болмауы; аспиратор – сорғыш аспап, аспирация – аспирация; аутоантиген – өзіндік жаттек, аутоантитело – өзіндік антидене, истерик – есірік, истерия – долылық және т.б. (медицина).*

Терминологиялық біріздендіру белгілі бір тар мамандықтың, белгілі бір саланың, нақты бір ұлт тілінің, туыстас тілдердің шеңберінде біріздендіру,

тіларалық, ұлтаралық біріздендіру; халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасында біріздендіру [5, 517] болып бөлінсе, мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ терминологиясында, терминологиялық біріздендірудің басқа түрлерін айтпағанда, белгілі бір сала шеңберіндегі біріздендіру жұмыстары көңіл көншітпейді.

Салаішілік әркелкілік (варианттылық, жарыспалылық, синонимия, омонимия, полисемия): *агнозия – ажыратпау, агнозия акустическая – дыбыстық агнозия; паренхима – ұлпа, пульпа – ұлпа, ткань – ұлпа, ткань – тін; меристема – түзілу ұлпасы; плацент – бала жолдасы, послед – бала жолдасы, альвеола, лунка, луночка, ячейка – ұяшық; канцер, рак – обыр, аномалия; отклонение; погрешность – ауытқу; давность наступления смерти – өлім мезгілі, өлгеннен кейінгі мерзім; давность повреждения – зақым мезгілі, давность – бұрынғы мерзім; капсула – қапшық, футляр – қапшық (медицина), рак обыкновенный – кәдімгі обыр, рак растений – өсімдік жебір ауруы (ауылшаруашылығы) және т.б.*

Салааралық әркелкілік (варианттылық, жарыспалылық, синонимия, омонимия, полисемия): *абдомен – іш (медицина), абдомен – құрсақ (биология); чревье – құрсақ (медицина), брюшная стенка – құрсақ қабырғасы (биология); абстрактный – беймағлұм (медицина), абстрактный – дерексіз (психология); авария – апат (ауылшаруашылық, машинажасау, сәулет), авария – авария (экология, іс жүргізу); погрешность – ауытқу (медицина), погрешность – қателік (информатика, математика); аскарида – бөсір (медицина), аскарида – жұмырқұрт (ауылшаруашылығы); капсула – қапшық, футляр – қапшық (медицина); сумка – қапшық, сумка – қалта, қапша (биология); датчик – бергіш (металлургия, информатика), датчик – сезбек (электроника); подсознание – шаласана (медицина), подсознание – түпсана (психология); сперма – шәует, ұрық (медицина), эмбрион – эмбрион, ұрық, зородышь – ұрық (биология); коллатераль – жанама, коллатеральное кровообращение – жанама қанайналым, побочные реакции – жанамареакциялар, билирубин непрямой – жанама билирубин (медицина), побеги боковые – жанама өркен (биология), конкуренция опосредованная – жанама бәсекелестік, ущерб косвенный – жанама нұқсан (экология); личинка – балаңқұрт (медицина), личинка – дернәсіл (экология), личинка – құрт (ауылшаруашылығы), облучение – сәулесоққы (медицина), облучение – сәулелендіру, сәулелеу (ауылшаруашылығы); покрывка – жамылғы, покров – жамылғы, плащ – жамылғы (медицина), покрытия – жамылғы (экология), ремиз – жамылғы (ауылшаруашылығы); крышка – қақпақ (медицина), затвор – қақпақ (экология); сборка – құрастыру, құрастырма, монтаж – құрастыру, компоновка – құрастыру, жиыстыру (металлургия), составление – құрастыру (іс жүргізу); катушка – шарғы (механика), катушка – шарғы, орауыш (машинажасау), расход – шығын, шығыс, затрата – шығын, убыль – шығын, убыток – залал, прибыль – пайда, выгода – пайда, вред – зиян, ущерб – зиян (экономика) және т.б.*

Біздің бұл жерде «әркелкілік» деген терминді қолданып отырғанымыздың себебі – келтірілген мысалдардан байқалатындай, кездесетін мұндай жайттардың ішінде варианттылық, жарыспалылық,

синонимия, омонимия, полисемия құбылыстары араласып кеткен және олар салаишілік әркеркілік түрінде де, салааралық әркеркілік түрінде де кездеседі.

Терминдердің бұлайша әркеркі немесе керісінше біркеркі қолданылуы ісқағаздар тілінде, әртүрлі техникалық құжаттарды дайындау кезінде және т.б. мемлекетішілік немесе халықаралық құжаттар алмасу кезінде түсініспеушілік туғызып қана қоймай, медицина сияқты адам өмірімен тікелей байланысты салаға қатысты құжаттарды толтыруда аса көңіл алаңдатарлық жайт болып табылады. Сонымен қатар, Мемтерминком бекіткен терминдер мен әртүрлі заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттарда терминдерді қолдануда да әркеркілік орын алып отырғаны да жасырын емес.

«Әсіре қазақшалауға» ұмтылу: *агирия* – қатпарсыз ми, *акроанестезия* – қол-аяқ сезімсіздігі, *акрогидроз* – қол-аяқ тершеңдігі, *акрогипотермия* – қол-аяқ салқындығы, бірақ *акродерматит* термині сол қалпында қалдырылған; *амебиаз* – *амебалық аурулар*, *анорхия* – *екіжақты атабезсіздік*, *аносмия* – *иіс сезінбеушілік*, *антропометрия* – *адам өлшемдері*, *бактериолог* – *бактерияны зерттеуші маман*, *бинт* – *дәкеден жасалған таңғыш*, *вагит* – *кезбе жүйке қабынуы*, *ваголизис* – *кезбе жүйкені әлсіреткіш*, *везикулография* – *шәует көпіршіктерінің рентгені*, *гастроптоз* – *асқазанның төмен түсуі*, *дискрязия* – *дене сұйықтарының дұрыс араласпауы*, *дискэктомия* – *дискіні кесіп алып тастау*, *мелазма* – *тері түсінің қаралығы*, *мелалгия* – *аяқ-қолдың сырқырауы*, *фабелла* – *дән тәрізді сүйек* (медицина) және т.б. Мұндай «әсіре қазақшалаудың» салдарынан терминдеріміз ұғымның түсіндірмесі, яғни сипаттамасы болып шыққан.

Қолдан тым жасанды сөз жасауға әуестік: *автовакцина* – *өздікекпе*; *торакоабдоминальный* – *кеуде-іштік*; *коронкосниматель* – *тіссауытсуырғыш*; *сероцит* – *ұйыма жасуша*; *период предменустральный* – *етеккір келералды кезеңі* (медицина) және т.б.

Терминжасам үдерісінде «дәстүр мен шарттылық принципі» (Ә.Қайдаров) негізге алынып, термин саналы түрде жасалатын жасанды сөз екендігі түсінікті. Алайда «термин шығармашылығында жасандылыққа, шарттылыққа бару кезінде сол шарттылықтың жүзеге асуына негіз болатын заңдылыққа табан тіреуге тура келеді», сонымен қатар «терминжасамның өзіне ғана тән ерекшеліктері болғандығына қарамастан, ол негізінен тілдің сөзжасам заңдылықтарына бағынышты болады» [5, 45, 49] деген тұжырымдарды басшылыққа алуымыз қажет.

Жалғаулардың әркеркі жалғануы: *активатор* – *белсендіргіш*, *активатор каналов калиевых* – *калий өзектерін белсендіруші* (дұрысы – *белсендіргіш*), *аналгезирующий* – *ауырсынуды басу* (дұрысы – *ауырсынуды басушы* болу керек), *антенатальный* – *туыларалды*, *антенаталды* (?), *аритмогенный* – *ыргақсыздандырғыш* (?) (медицина) және т.б.

Профессор Ш.Құрманбайұлы информатика және есептеуіш техника терминологиясында қазақ тіліндегі бір ғана -уыш/-уіш жұрнағы орыс тіліндегі -атор/-ятор/-тор, -щик, -чик, -тель, -н/ая, -н/ый суффикстері арқылы жасалған терминдердің қазақша нұсқасын жасауға пайдаланылғандығына мысалдар келтіре отырып: «Бұл арада салалық

мамандар терминжасамның лингвистикалық қырына және терминтанудың жүйелілік сияқты маңызды талаптарына жете мән бермегені байқалады. Терминжасамда сөздің лексикалық мағынасына тән нәзік реңктерін, мағына көлемін дәл ажырата білу де оңай емес. Ал қосымшалардың ерекшелігін, грамматикалық мағына сияқты ұғымдарға сала мамандарының мән бере бермеуі жиі кездесіп жататын жайт», – дейді [5, 576].

Әртүрлі сөз таптарынан термин жасау: *безумствовать* – ақылсыздану, *бесследно* – ізсіз, *выварить* – езілте пісіру, *қайнатып алу*, *досыта* – тойғанша, *жареный* – қуырылған, *забеспокоиться* – мазасыздану (медицина) және т.б. Бір айта кететін нәрсе, әрине белгілі бір салаға тікелей қатысты болса, басқа сөз таптарынан термин жасалатындығы тәжірибеден белгілі. Алайда, келтірілген мысалдарды медицина саласына тікелей қатысты маңызды терминдер деп айта алмаймыз.

Бір терминнің жекеше және көпше түрде берілуі: *зуб* – *тіс*, *зубы* – *тістер*, *нерв* – *жүйке*, *нервы* – *жүйкелер* (медицина) және т.б.

Бірнеше сөз тіркесінің термин ретінде берілуі: *допустимый уровень воздействия вредного фактора* – *зиянды әсердің рұқсат етілген мөлшері*; *тыльные пальцевые артерии стопы* – *бақайлардың сыртқы артериялары*; *трансуретральная резекция простаты* – *қуықасты безін үрпі арқылы сылып тастау*; *скелет свободной верхней (нижней) конечности* – *қолдың (аяқтың) еркін бөлігінің қаңқасы* (медицина) және т.б.

Бір ғана терминнің түрліше тұлғада жазылуы: *подкорка* – *қыртысасты*, *подкорковые ядра* – *қыртыс асты ядролар* (дұрысы – *қыртысасты*), *аппендицит* – *соқырішек*, бірақ *кишка прямая* – *тік ішек* (дұрысы – *тікішек*), *кишка толстая* – *тоқ ішек* (дұрысы – *тоқішек*), *кишка тонкая* – *ащ ішек* (дұрысы – *ащішек*), *кишка тощая* – *ащы ішек* (орфографиялық сөздікте берілмеген (медицина) және т.б.

Салаға қатысы жоқ атаулардың термин ретінде алынуы: *клен* – *үйеңкі*, *наука* – *ғылым*, *естественные наука* – *жаратылыстану ғылымы*, *прикладная наука* қолданбалы ғылым, *рожь* – *қара бидай*, *роза* – *раушан*, *раушангул*, *стремя* – *үзеңгі* (медицина) және т.б.

Сараптауды қажет ететін баламалар: *лечение неадекватное* – *сәйкессіз ем*, *суррогатная мать* – *бөтен ана*, *көтерген ана*, *бимануальный* – *екі қолмен*, *эндофитный* – *ішке қарай*; *клитор* – *деліткі*, *парафимоз* – *қыспақүпек* (медицина) және т.б.

Сонымен терминологиялық сөздіктердегі мұндай қателіктер – олар (сөздіктер) шыға бастағаннан бері орын алып келе жатқан жайт және бұл әлем тілдеріне ортақ мәселе екен. Осы орайда, ғалымдардың қазақ терминологиясындағы мәселелерді шешуге қатысты пікір-ұсыныстарын негізге ала отырып, терминологиялық сөздіктер түзу негіздерін жетілдіру туралы төмендегідей тұжырым жасамақпыз:

I. Терминологиялық сөздік түзудің ғылыми-теориялық негізін жетілдіру. Ол үшін мынадай іс-шаралар атқарылуға тиіс:

1) салалық терминологиялық сөздіктерге (жалпы терминология мен терминжасамның даму үрдістеріне) лингвистикалық іргелі ғылыми зерттеу жүргізу үшін арнайы мақсатты бағдарлама әзірлеп, жүзеге асыру. Бұл іс-шара

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалуы қажет деп ойлаймыз;

2) терминдердің ғылыми түсінігін, диффинициясын ашу үшін және салалық терминдерге лингвистикалық талдау жасау үшін сала мамандарынан және тілшілерден тұратын ұйым құру және оның жұмысын нысаналы түрде жүргізуге жағдай жасау. Бұл ұйым Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыстар комитетіне қарасты Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының терминология бөлімі болып табылады. Бұл ұйым негізінен терминдерді ұсыну, терминологияны үндестіру, терминологияны үйлестіру, терминжүйені құрастыру, терминжүйені жобалау жұмыстарымен айналысуы керек.

II. Терминологиялық сөздік түзудің әдістемелік негізін жетілдіру. Ол үшін мынадай іс-шаралар атқарылуға тиіс:

1) термин қабылдау қағидаттарын қайта қарап, ғылыми түрде негізделген жаңа қағидаттарды бекіту. Бұл іс-шара БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалуы керек;

2) терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық жасау. Бұл іс-шара БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығында орындалуы керек;

3) терминологиялық оқыту (мектеп терминологиясын қалыптастыру және дамыту; жоғары оқу орындарына терминология пәнін міндетті пән ретінде енгізу). Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен орындалуға тиіс;

4) терминологияны үндестіру және үйлестіру (әрбір жоғары оқу орнында салалық терминологиялық комиссиялар құру). Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен орындалуға тиіс;

5) оқытушы-профессорлар құрамының терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру. Бұл іс-шараны орындау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс жасау керек;

б) журналистердің терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру. Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен іске асырылуға тиіс.

III. Терминологиялық сөздік түзудің практикалық негізін жетілдіру. Ол үшін мынадай іс-шаралар атқарылуға тиіс:

1) терминдерді түгендеу. Бұл іс-шара Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының терминология бөлімінде орындалуы керек. «Көне түркі сөздігінен» бастап, ортағасырлық жәдігерлерді (әртүрлі еңбектер, сөздіктер және т.б.), басқа мемлекеттерде қазақша шыққан және қазіргі кездегі әртүрлі салаларға байланысты сөздіктерді жинастыру, оларға ғылыми зерттеу жүргізілуі қажет. Мысалы, медицина саласы үшін Өтебойдақтың «Шипагерлік баян» еңбегін

пайдаланудың маңызы аса зор. Сондай-ақ аймақтық лексиканың, көнерген сөздердің, кәсіби сөздердің, ортақ кітаби тіл бірліктерінің терминденуіне баса назар аударылуы қажет;

2) сала мамандары мен лингвистердің құзыреттілігін айқындау. Бұл ретте мамандар терминнің мағынасын, функциясын, семаларын ашып көрсетсе, лингвистер сол мағынаға, семаға уәж бола алатын тілдік бірлікті таңдауға жәрдемдесіп, олардың орфографиялық, стилистикалық, этнолингвистикалық нормаларға сай екендігін анықтайды, яғни терминологияны талдау, терминологиялық бақылау, термин таңдау жұмыстары жүргізіледі. Бұл іс-шара БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығында орындалуы керек;

3) сала мамандары мен лингвистердің бірігіп сөздік жасау тәжірибесін, сөздік жасау мәдениетін, техникасын жетілдіру (семинарлар, конференциялар, басқосулар, онлайн конференциялар және т.б. ұйымдастыру). Бұл іс-шара әртүрлі министрліктердің қолдауымен орындалуға тиіс;

4) сала мамандарының тілтанымдық еңбектермен (шет тілдер сөздіктері, түсіндірме сөздіктер, синонимдер сөздігі, орфографиялық сөздік және т.б.) жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіру. Бұл іс-шара Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының терминология бөлімінде орындалуы керек;

5) қазақ терминдерінің корпусын жасау (қазақ тілінде мектеп терминологиясына, студенттер деңгейіндегі, академиялық дәрежедегі терминологиялық сөздіктерге арналған сайттар ашу). Бұл іс-шара БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығында орындалуы керек.

IV. Терминологиялық сөздіктерді сараптамадан өткізудің негізін жетілдіру. Ол үшін мынадай іс-шаралар атқарылуға тиіс:

1) баламалы немесе Мемтерминком мақұлдаған сөздіктерге терең лингвистикалық талдау жасау, біріздендіру (тілішілік, тіларалық және терминологияны іштей біріздендіру). Бұл ретте терминдерді нормаландыру, терминологияны қалыптандыру, оңтайландыру, терминологиялық сараптама, терминологиялық редакциялау жұмыстары жүргізіледі. Бұл іс-шара БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығында орындалуы керек;

2) бекітуге ұсынылған терминдерді немесе талқылауға ұсынылатын сөздіктерді БАҚ («Терминологиялық хабаршы», әртүрлі газет-журналдар, телевидение) арқылы таратып, жұртшылықтың пікірін біліп отыру. Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен іске асырылуға тиіс;

3) лингвистикалық талдаудан өткен терминдерді стандарттау. Мемтерминком бекіткен терминдер мен әртүрлі заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттарда терминдерді қолданудағы әркелкілікті

жою үшін стандарттау ең алдымен тіларалық немесе тілішілік деңгейде, содан кейін халықаралық деңгейде жүргізілуі керек. Бұл іс-шараны Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы атқаруы қажет.

V. Терминологиялық сөздіктерді ортақтандыру негізін жетілдіру.
Ол үшін мынадай іс-шаралар атқарылуға тиіс:

1) туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор құру. Бұл ретте түркітілдес елдердің терминологиялық сөздіктерін жинастырып, аудару және мүмкіндігінше қажетке жарату жұмыстары жүргізіледі. Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Түркі академиясы және т.б. ұйымдардың бірлескен іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады;

2) бір-біріне жақын салалардың ортақ терминологиялық сөздіктерін шығару (политехникалық, гуманитарлық және т.б.). Бұл іс-шара Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен іске асырылуға тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 444 Қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы».

3. Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. –Алматы, 1993. –3-17-бб.

4. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. –400 бет.

5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. –Алматы: «Сардар», 2014. –928+16 жапсырма бет.

6. Абдрахманов А.А. О принципах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей // Вопросы терминологии. –М., 1961. –С.195-200.

7. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері: филол.ғ.д. ... дисс... авторефераты. –Алматы, 2007. –64 б.